Конкурстық құжаттамаға
2-қосымша

Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Сатып алудың нөмірі:	№ 18000431-1
Сатып алудың атауы:	Техникалық ерекшелікке сәйкес
Лоттың нөмірі:	№ 88641254-ОИ2
Лоттың атауы:	Автотиегіш
Лоттың сипаттауы:	ашалы, жүк көтергіштігі 2500-5000 кг
Лоттың қысқаша сипаттауы:	Көтеру, тасымалдау және тиеу-түсіру жабдығы (өнеркәсіптік көлік құралы)
Саны, көлемі:	1
Өлшем бірлігі:	Дана
Жеткізу орны:	311011100, Жамбыл облысы, Тараз қ., Әулиеата ауданы Пушкин көшесі, 68 ғимарат
Жеткізу мерзімі:	Қазынашылық мекемеге тіркелген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау:	Дизельді айырлы жүк тиегіштің (вилочный погрузчик) техникалық сипаттамасы Дизельді айырлы жүк тиегіш жаңа, бұрын пайдаланылмаған, зауытта шығарылған болуы тиіс. Жүк көтеру қабілеті – кемінде 2 500 кг. Діңгек түрі – айырлар кареткасының бүйірлік жылжу функциясы бар вагондық үлгідегі. Жүк көтеру биіктігі – кемінде 5 000 мм. Діңгектің жиналған кездегі биіктігі – 2 100 мм. Каретканың еркін көтерілу биіктігі – 1 800 мм. Айырлардың ұзындығы – 1 220 мм. Жүктің ауырлық орталығы – 500 мм. Айырларды есептемегендегі машинаның ұзындығы – 2 580 мм. Машинаның жалпы ені – 1 160 мм. Қорғаныс қоршауына дейінгі биіктігі – 2 170 мм. Сыртқы бұрылу радиусы – 2 290 мм. Өлшемі 1 000 × 1 200 мм паллетпен бұрылу радиусы – 3 430 мм. Шина түрі – пневматикалық. Жүк тиегіштің салмағы – 3 400 кг. Трансмиссия түрі – автоматты беріліс қорабы (АКПП). Рульдік басқару жүйесі толық гидравликалық күшейткішпен жабдықталған болуы тиіс. Жүк тиегіштің жиынтықталуына стандартты айырлар, құрал-саймандар жәшігі, операторға арналған қорғаныс қоршауы, эргономикалық орындық, тарту істігі, бейтарап берілістің апаттық ажыратқышы, кең шолу мүмкіндігі бар діңгек, педальға арналған қалыпталған төсем, еңкею бұрышы реттелетін руль бағанасы және тростық үлгідегі тұрақ тежегіші кіруі тиіс. Жүк тиегіш салқындатқыш сұйықтықтың температурасын бақылау датчигімен, трансмиссия майының датчигімен, трансмиссия майы сүзгісінің өзегімен, гидравликалық май сүзгісімен, отын деңгейін көрсеткішпен, аккумулятор зарядының индикаторымен, қозғалтқыш майының қысымын ескерту индикаторымен, рульдік басқару индикаторымен, гидравликалық май деңгейінің көрсеткішімен, қозғалтқышты алдын ала қыздыру индикаторымен, қозғалтқыштың жұмыс сағатын есептегішпен, қозғалтқышты автоматты жылыту жүйесімен, циклондық ауа тазартқышпен, ауа қабылдау құрылғысымен, реттеуші клапанмен (екі жүрісті), көтеру контурындағы май шығынын реттегішпен, көтеру және еңкейту тетіктерімен, сондай-ақ қозғалтқыштың ақаулығын анықтау индикаторымен жабдықталуы тиіс. Сонымен қатар жүк тиегіш алдыңғы жарықдиодты (LED) шамдармен, артқы біріктірілген жарықдиодты (LED) шаммен, артқы жүріс шамымен, электрлік дыбыстық сигналмен, артқы жүріс кезіндегі дыбыстық сигналмен, жаңбырдан қорғайтын жоғарғы қорғаныс қалқанымен, протекторлы берік шиналармен, толық гидравликалық руль күшейткішімен және отын бағының кілтімен жабдықталуы тиіс. Қосымша құрал жарақтарымен: өрт сөндіргіш кемінде 2 л – 1 дана, аппаттық тоқтату белгісі – 1 дана, доңғалақ кілті – 1 дана және қажетті құралдар жинағымен (кілттер). Барлық әрекеттер Тапсырыс берушімен келісу қажет. Тауар толық жинақталған, техникалық жарамды және пайдалануға дайын күйде жеткізілуі тиіс. Жеткізуші тауармен бірге техникалық паспортын, пайдалану жөніндегі нұсқаулығын және тауардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс. Тауарды қабылдау кезінде оның техникалық сипаттамалары мен жиынтықталуы осы техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі тексеріледі.

Приложение 2
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров к конкурсной документации

Номер закупки:	№ 18000431-1
Наименование закупки:	Согласно технической спецификаций
Номер лота:	№ 88641254-ОИ2
Наименование лота:	Автопогрузчик
Описание лота:	вилочный, грузоподъемность 2500-5000 кг
Дополнительное описание лота:	Оборудование подъемно-транспортное и погрузочно-разгрузочное (Автокар)
Количество:	1
Единица измерения:	Штука
Места поставки:	311011100, Жамбылская область, г.Тараз, район Әулиеата улица Пушкина ,здание 68
Срок поставки:	В течение 16 календарных дней с момента регистрации договора в органах Казначейство
Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров:	Техническая спецификация дизельного вилочного погрузчика Дизельный вилочный погрузчик должен быть новым, ранее не эксплуатировавшимся, заводского изготовления. Грузоподъемность – не менее 2 500 кг. Тип двигателя – дизельный. Тип мачты – вагонного типа, с боковым смещением каретки. Высота подъема груза – не менее 5 000 мм. Высота мачты в сложенном состоянии – 2 100 мм. Высота свободного хода каретки – 1 800 мм. Длина вил – 1 220 мм. Центр тяжести груза – 500 мм. Длина машины без учета вил – 2 580 мм. Общая ширина машины – 1 160 мм. Высота машины по защитному ограждению – 2 170 мм. Внешний радиус поворота – 2 290 мм. Радиус поворота с паллетой размером 1 000 × 1 200 мм – 3 430 мм. Тип шин – пневматические. Масса погрузчика – 3 400 кг. Трансмиссия – автоматическая коробка передач (АКПП). Рулевое управление – с полным гидравлическим усилителем. Комплектация погрузчика должна включать стандартные вилы, ящик с инструментами, защитное ограждение оператора, эргономичное сиденье, тяговый штифт, аварийный выключатель нейтральной передачи, мачту с широким обзором, формованную накладку на педаль, регулируемую по наклону рулевую колонку, а также стояночный тормоз тросового типа. Погрузчик должен быть оснащен датчиком температуры охлаждающей жидкости, датчиком трансмиссионного масла, сердечником фильтра трансмиссионного масла, фильтром гидравлического масла, указателем уровня топлива, индикатором заряда аккумулятора, сигнализатором давления моторного масла, индикатором рулевого управления, указателем уровня гидравлического масла, индикатором предварительного подогрева двигателя, счетчиком моточасов, автоматической системой подогрева двигателя, циклонным воздухоочистителем, устройством забора воздуха, регулирующим клапаном (два хода), регулятором расхода масла в контуре подъема, рычагами подъема и наклона, а также индикатором неисправности двигателя. В комплектацию также должны входить передние светодиодные (LED) фары, задний комбинированный светодиодный (LED) фонарь, фонарь заднего хода, электрический звуковой сигнал, звуковой сигнал заднего хода (зуммер), верхнее защитное ограждение с защитой от дождя, прочные шины с протекторным рисунком, полностью гидравлический усилитель рулевого управления и ключ топливного бака. Вспомогательным оборудованием: огнетушитель не менее 2 л – 1 шт., знак аппатической остановки – 1 шт., колесный ключ – 1 шт. и необходимый набор инструментов (ключи). Все действия необходимо согласовать с заказчиком. Товар должен быть поставлен в полностью собранном, технически исправном состоянии и готовым к эксплуатации. Поставщик обязан предоставить технический паспорт, руководство по эксплуатации и необходимые документы, подтверждающие соответствие товара установленным требованиям. При приемке товара проверяется соответствие его технических характеристик и комплектации требованиям настоящей технической спецификации.